

Бекітімнің
Мектеп мөнгерушісі Шалабаева Ж.С.



ТЭРБИЕЛЕУ-БЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру үйімі	Милы бастауыш білім беретін мектебі, «Шұғыла» шагын орталығы				
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Жоспардың күрылу кезеңі	22.05 - 26.05.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көніл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көніл күйін, оның жеке пікірін, кызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кенес беру	Ата-аналарға "Балалардың жануарлар мен құстарға деген кызығушылығын дамытамыз" тақырыбында кенестер беру, әңгімелесу; ата-аналардың мазалап жүрген сұраптарына жауап беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар карау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру. Максат-міндеттері. Балалардың кітаптарға ұқыпты карау дағдыларын қалыптастыру, кітаптарды сөрелерге тәртіппен қою мүмкіндігін іс-тәжірибеде орындауға	"Топтың ішін ретке келтір". Максат-міндеттері. Балаларды ересектерге көмектесуге ұқыптылықпен дағыландыру; шкафта тұрған ойыншықтар мен күралдарды реттеп, тазалық орнатуға тарту; енбек дағдыларын,	Бөлме өсімдіктерін күту. Максат-міндеттері. Балаларды өсімдіктерге ұқыптылықпен қарауға бейімдеу (курап қалған жапырақтарды алып тастау), оларды күтіп-баптауға қызығушылықтарын ояту, ересектерге	"Киім шкафын реттеу" (тәрбиешінің көмекшісімен бірігіп). Максат-міндеттері. Балаларды киім-кешекке арналған жеке шкафты таза ұстауды үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен	"Кірлемен орамалдарды ауыстыру". Максат-міндеттері. Енбекке тұракты кызығушылықтарын, тапсырманы тиянакты орындау үмтүлістарын колдау. Орамалдарды бөлек үшіншікка ілудіңрету. Енбектенуте, ересектерге көмектесу ниеттерін тәрбиелеу.

	дағдыландыру.	ұқыптылықты қалыптастыру.	қолғабыс етуге тәрбиелеу.	сөрелерді сүртіп, киімдерді қайта орнына тиянкты түрде жинау. Тәртіпке бағынуга, енбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұжымдағы ұйымшыл еңбекке үйрету.	
«Көніл-күйді анықтау» Ойынның мақсат-міндеттері: мейрімділікке, жақын адамның көніл-күйін көре білуге тәрбиелеу . Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көніл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көніл-күйді анықтауды ұсынады. Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды. Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріне қарап,	"Сүйікті ертегілер" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс күргүф, таныс мәтінді кайталауды үйрету, зейінді, есте сактауды жаттықтыру. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	"Лото" үстел үсті ойыны (аяу райы). Мақсат-міндеттері. Балалардың зейіндерін тұрактандыру, логикалық ойлау	қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздықка тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту)	"Таныс пішіндер доминосы". Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін тандауға жаттықтыру. Құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер. Барысы: балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуши бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, калған балалар суретке сәйкес өзінің суретін	"Сыңарын тап" дидактикалық ойыны. Максат-міндеттері. Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кенейту. Байқампаздықка және шапшаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)

	<p>бір-бірінің қолдарынан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге</p> <p>тырысындар: «Мен көнілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады.</p> <p>Балалар тапсырманы жүппен орындайды. Содан кейін балалар қандай эмоцияның берілгенін және қабылдағанын талқылайды. (сөйлеуді дамыту)</p>		<p>кояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді. (математика негіздері)</p>
Таңертенгі жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай темір шарлармен).</p> <ol style="list-style-type: none"> Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1. Балалар кішкентай темір шарларын жоғары көтеріп, екі қолмен сылдырлатады. 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолды он жаққа жіберіп, кішкентай темір шарларды сылдырлатады. 2.2. Бастапқы қалып. 2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, кішкентай темір шарларды сылдырлатады. 2.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады). 		

3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшак, кішкентай темір шар ұстаган колдар екі жакта.
- 3.1. Аяктарын жинап, кішкентай темір шар ұстаган колдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.
- 3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).
4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.
- 4.1. Кішкентай темір шарларды артқа ұстап, бір орында тұрып секіру.
- 4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).

(дene шынықтыру)

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларға эмоционалды жағымды көніл-күй мен ұйымдастырылған іс- әрекеттің мотивациялық дайындықты калыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достықка тәрбиелеу. Біз балдырган баламыз, Дос құшағын кен ашқан. Тілегіміз бейбіт күн. Ашық болсын кен аспан. Орнымыздан тұрамыз	Балаларға эмоционалды жағымды көніл-күй мен ұйымдастырылған іс- әрекеттің мотивациялық дайындықты калыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достықка тәрбиелеу. Біз балдырган баламыз, Дос құшағын кен ашқан. Тілегіміз бейбіт күн. Ашық болсын кен аспан. Орнымыздан тұрамыз	Балаларға эмоционалды жағымды көніл-күй мен ұйымдастырылған іс- әрекеттің мотивациялық дайындықты калыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достықка тәрбиелеу. Көнілде көп куаныш, Әр көнілде жақсы үміт. Келетін жылға мың алғыс, Әкелген көп жақсылақ. (сөйлеуді дамыту, әлеуметтік- эмоционалды дағдылар)	Балалардың жағымды көніл- күйлерін камтамасыз ету үшін бәсендегу дұбыста салмакты әүенжазбасын косу. - Біз құлпырамыз жаздың гүліндей, Күлімдейміз жарық күніндей. (сөйлеуді дамыту, әлеуметтік- эмоционалды дағдылар)	Балаларға эмоционалды жағымды көніл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекеттің мотивациялық дайындықты калыптастыру, балаларға бір- бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достықка тәрбиелеу. Күндей жадырап, Айдай арайлап, Жұлдыздай жадырап, Судай таза көнілмен, Бүгінгі күнімізді бастайык. (сөйлеуді дамыту, әлеуметтік- эмоционалды дағдылар)
---	--	--	--	---	---

	<p>Күнге шаттана караймыз. Куана қолымызды согамыз, Осылай күнге жылу шашамыз. (сөйлеуді дамыту және әлеуметтік- эмоционалды дағдылар)</p>	<p>Күнге шаттана караймыз. Куана қолымызды согамыз, Осылай күнге жылу шашамыз. (сөйлеуді дамыту және әлеуметтік- эмоционалды дағдылар)</p>	<p>Эмоционалды дағдылар)</p>		
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Дене шынықтыру "Зырылдайды трактор". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен аракашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; гимнастикалық доғага кезек адыммен өрмелеп шығуға үйрету; шенбердің ішіне және сыртына секіруге жаттықтыру.</p>	<p>Дене шынықтыру "Шаршаганымызды басайық". Мақсат-міндеттер. Балаларда баяу (50- 60 сек.) карқында жүгіру; кимылды ойындар арқылы допты тұра нысанға он және сол қолмен тік нысанага көздел лақтыру; еденге тігінен тұрған құрсаудан енбектеу дағдыларын дамыту.</p>	<p>Музыка "Алақай, жаз келді!" Мақсат-міндеттер. Балаларды жаз туралы әуенді тындау және айту кезінде әннің сипатына сай денесімен ыргакты қозғала білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көнілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен</p>	<p>Дене шынықтыру "Егіншілік". Мақсат-міндеттер. Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүру; кимылды ойындар арқылы әртүрлі бағыттарда жүгіру; гимнастикалық кабырға бойымен жоғары өрмеледе және одан төмен тұсу дағдыларын дамыту.</p>	<p>Қазақ тілі "Адамдар. Адам бетінің бөліктері. Тазалық - денсаулық кепілі."</p> <p>Адам, оның дене мүшелері, адам бетінің бөліктері туралы, адамның жердің барлық бөлігінде өмір сүретіндегі туралы балалардың білімдерін калыптастыру; пантомимиқаға үйрету. Артикуляциялық аппаратын, сөйлеудін, казақ тіліндегі сөздерді есту арқылы қабылдау қабілетін және есту зейінің дамыту, монологтық сөйлеу негіздерін, ойлау қабілетін дамыту; жағымды көніл күйін білдіре алуы. Куыршакка деген жақсы көзкараска, мәдени-гигиеналық</p>

			қарапайым кимылдарды жасай білуге үйрету.		дағдыларын сактауга баулу.
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауга, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Көбелекті (конызды) бақылау. (коршаган ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттер. Балаларды жәндіктердің (көбелектін, коныздын) кимылдарын бақылауға үйрету, олардың ұшып-конып, гүлдердің нәрімен коректенулерін байқауға машықтандыру; жәндіктердің кимылдарына еліктеуге ынталандыру. Көбелектер, жәндіктер	Жаңбырлы құнді бақылау. (коршаган ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттер. Балаларды жаңбырлы құн райын бақылауға машықтандыру, жаңбыр, кемпіркосак құбылыстарын ажыратуға үйрету. "Жауын" - Жауын, жауын! Жаума! Тын! Жас балаларды Жаураттың. X. Ергалиев, М. Элімбаев	Құмды бақылау. (коршаган ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттер. Балаларға құрғак құмның себелеп, колдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатының көрсету; құмды "құрғак" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату. - Дымқыл құм сазбалшықтай.	Дөңгелек салынған суреттерді бақылау. (коршаган ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттер. Асфальт бетіне түрлі-түсті бормен салынған дөңгелектерді бақылауға ынталандыру; түйсігін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, асфальт бетінде нені көріп тұрсындар? "Күлімдеген дөңгелектер".	Құмырскалады бақылау. (коршаган ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Максат-міндеттер. Балалардың назарын жәндіктердің, құмырскаладың кимылдарына аудару; ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. - Балалар, мынау құмырскалар. Қайталайыкшы. Тамаша. Құмырскалар тыныссыз жәндіктер, жанталасып жүгіріп журеді. "Құмырскалар". Құмырскалар, Құмырскалар, Жұмыспенен құн қыскарап. Тыным жок-ау Өздерінде, Қызып алған Кездерінде Тасисындар көрінгенді,

Ұшып қонды гүлдерге, Нәрін татып, нәзіктер Бау-бакшага келуде. Д. Ахметова	шакыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым енбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген	Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп калған ұсақ кокыстардан тазалауға шакыру.	Міне, құлімдеген сен. Д. Ахметова	Білмейсіндер Ерінгенді.	
Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шакыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым енбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықка, енбексүйгіштікке тәрбиелеу.	кызығушылықты арттыру; енбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту.	Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым енбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу;	Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым енбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.	К. Мырзалиев	
"Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды жан- жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға сигнал бойынша токтап, шоқайып отыруға үйрету; балалардың	- Күн шықты – балалар ойнады. - Күн тығылды – жаңбыр жауды. "Ирелендеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дene шынықтыру)	кім алыс лақтырады?" жаттығуы. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларға құм салынған қапшықтарды белгіленген орыннан өзінен алға неғұрлым ары лақтыруды үйрету; көзben	Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп калған ұсақ кокыстардан тазалауға шакыру.	Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шакыру. "Күм қапшығын кім алыс лақтырады?" жаттығуы. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті танбалашуыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір- біріне соғылмай жүре білу дағдыларын калыптастыру;	Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшактар арқылы құмнан тазалауға шакыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым енбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.
			"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапка тұрып, бір-бірінен сон жүгіре білу дағдыларын жетілдіру. Педагог балаларды өзінің сонынан сапка тұрғызып, балаларға өзі көрсеткен бағыттарға жүгіруді көрсетіп қадағалайды.	"Құмырсқалар" қимылды жаттығуы. (дene шынықтыру)	
				"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дene	

<p>зейінін, жылдамдығын, ойлау кабілеттерін дамыту. Педагог жерге "гүлдер" деп атап, түрлі жерге шенберлерді сзызып немесе қағаздан гүлдер киықтарын шашып, жайып қою мүмкін. - Көбелектер, коныздар, Тоқтамайсындар, ұшасындар! Қорек іздең жатсандар, Гүлдерге конасындар! "Масаны ұстап ал!" кимылды ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда козғалысты көзben көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша біr орнында секіру</p>	<p>Мақсат-міндеттер: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан аркан бойымен) ирелендеген сзықтардың бойымен жүргуте жаттықтыру; аракашыкты сақтауға баулу.</p>	<p>дәлдеу кабілетін, зейінді, кол мен дene бұлшық еттерін дамыту. - Кім мерген болғысы келеді? Сызылып жатқан сзықтан аспай, алға, ары қарай, лақтырып көрейік. Кұм қапшығын алайық, Алыска лақтырайық. "Әткеншек" кимылды ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шенберге тұрып, тақпак сөздеріне сай кимылдай білу кабілетін калыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Әткеншек-ая, әткеншек, Айнала бер бізбенен.</p>	<p>жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларга кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай кимылдарды жасауды ұсынады: - жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұксап, ары-бері, жан- жакқа бағыттап жүтіру; - сары таңбалауыш - орнында токтап, шапалактау, - жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру. - Бағдаршамда жасыл шам - Жол ашық, машиналар. Бағдаршамда сары шам - Шапалакта, балалар. Бағдаршамда қызыл шам - Токтасын машиналар. Ойын екі рет өткізіледі. "Допты қағып ал"</p>	<p>шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды біr орнынан ұзындықса екі аякпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе- тендіk, ептіліk, көзben мөлшерлеу сезімдерін дамыту.</p>
---	---	---	--	---

	дағдыларын калыптастыру.			кимылды жаттыгу. (дene шынықтыру) Максат-міндеттер: балаларды допты екі колмен ұстауга жаттықтыру; тепе- тәндікті сактауга, еңпілікке баулу.	
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени- гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Ұлттық ойын. Тенге ілу Ойынга катысушылар тепе- тен екі топқа бөлінеді. Эр кайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден терендігі бір карьстай екі шұнқыр казылады. Шұнқырга он- оннан тенге салынады. Содан сон екі топтан екі сайыскер шыгады.	Құрастырудан ойын-жаттығу "Кұлыншақ". Максат-міндеттер. Балаларды дөнгелек пішінді қағазды тен, екі жарты бөлікке бүктемелеу амалына бейімдеу; құлыншақ бейнесін карындашпен жалын, көздерін, аузын салу арқылы толықтыруға дағдыландыру.	Сурет салудан ойын-жаттығу "Бұлттар" Максат-міндеттер. Балаларды қағаз бетін боршалар мен гуашь бояуы арқылы салынған сопак және дөнгелек пішінді бұлттар бейнелерімен толтыруға үрнету.	Музықадан ойын- жаттығу "Бидай". Максат-міндеттер. Балаларды қөнілді әннің сипатына сай денесімен ыргакты козгала білуге үйрету; және кattы шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын калыптастыру; ыргакты кимылдарды музыкамен бірге бастап, сонғы дыбыста бірге аяқтай білуге үрнету.	Ұлттық ойын. Түйілген орамал Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинал алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жакка бытырай кашады. Ал ойын жүргізуісі қолында түйілген орамалы бар баланы куалайды. Ол орамалды басқа біреуеге лактырады, қағып алған бала каша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Үсталған ойыншы көпшілік ұйгарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуши ауыстырылады. Ойын ойнап

	<p>Сызыққа келіп катаrlасып тұрады. Бастауышының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұнқырға жетіп қол соғып жібереді де, тенгені іліп алып, әрі карай шауып кете барады, шұнқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпайәр сайыскердің іліп алған тенгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді. (дене шынықтыру)</p>				<p>болған соң балалар шенбер жасап тұрады. (дене шынықтыру)</p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>Серуендеуге барайық" сюжетті- рөлдік ойыны. Максат-міндеттері. Балаларда әр мезгілге арналған киімдерді тандау қабілеттерін дамыту, киім элементтерін дұрыс</p>	<p>"Жаз келді" өлеңін жаттау. Жайқалып жапырак, Күлпірып қызгалдақ. Тұратын көз тартып, Жаз келді күн шуак. Ж.Молдағалиев (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Тұстер" атты мультильмін көру. Максат-міндеттер. Балаларды тұстерді ажыратуға, атауга қызықтыру. (сөйлеуді дамыту, музыка)</p>	<p>Жұмбактардың шешімін табу. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p>Бала тілін дамыту. "Жаз" (Ілияс Жансүгіров) Жерін анау, Жасыл жолақ кілемдей. Желін мынау, Жігіт айтқан өлендей. Көлін анау, Той ғып жатқан ауылдай. Күнін мынау,</p>

	атауды "үйрету, "киім", "аяқ киім" туралы жалпылауыш ұғымдарды бекіту, өзгелерге қамкорлық қатынасты тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту)				Елжіреген сендей. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)
Балалардың үйге қайтысы (ата-аналарға көнсө)	Ата-аналарды спорттық шараларға қатысуға белсендіру.	"Менің әкем ең жақсы адам" фотогазеті.	Ата-аналарға көнсө. "Баланы ара шағып алса?".	Үйымдастырылған іс-әрекеттің бір апталық жасалған жұмыс туралы әнгімелесу.	Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; алта тақырыбы бойынша сұралқ қою, әнгімелесу.